

подстилающих грунтов. Тяжелая плотная глина на Синташте, которую сложно копать и легкий грунт на территории Аркаима. Грунт так же вызывал разницу в водоснабжении.

Так же, по мнению Епимахова А.В. и Берсенева Н.А, колодцы использовали для обеспечения скота водой, когда из-за погодных условий реки замерзали либо исчезали. Но для обеспечения водой использовали колодцы за пределами жилья и городища [4, 167]. На примере Синташты скот содержали за пределами городища, на пастбищах. А если скот находился непосредственно у городища, то использовать колодцы было невозможно. Можем представить процедуру пойки скота. Черпали воду из колодцев ведром либо другой емкостью, отпечаток берестяного ведра находили на синташте, и выносили за пределы городища. Эту процедуру должно было проводить большое количество населения, но из-за узкости на синташтинских городищах и количества эти действия были ограничены. Здесь могу предположить, что часть молодняка содержали зимой в специальных постройках с колодцами. В связи с замерзанием рек в регионе, водопой становится проблемой, и колодцы в постройках являлись необходимостью для хозяйственной деятельности.

Находки в колодцах немногочисленны. Бытовой мусор в виде костей животных и фрагментов керамики встречается в заполнении большинства объектов. Интересны каменные грузики со следами обработки, которые свидетельствуют о привязывании веревки или редко остатки самой веревки. По мнению некоторых исследователей, отсутствие мусора, может говорить о том, что они были преднамеренно забутованы материковой глиной [4, 165].

Таким образом, вопрос о предназначении колодцев бронзового века не изучен в полном объеме. Можно лишь сказать о том, что существуют версии использования колодцев как для обеспечения водой, так и в металлургическом производстве. Время сооружения можно с большой уверенностью отнести к периоду II тыс. до н.э.

Список использованных источников

1. Алаева И.П. Колодцы бронзового века Урало-Казахстанского региона // Вестник Общества открытых исследований древности. Вып. 1., Челябинск, 2002, С.5-16.
2. Бабаджанов Р. К вопросу о скотоводческом хозяйстве туркмен Тедженского оазиса в конце XIX – начала XX века // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. Москва, 1975, с.224-231.
3. Григорьев С.А. Металлургическое производство в Северной Евразии в эпоху бронзы.- Челябинск: Цицеро, 2013, 660 с.
4. Епимахов А.В, Берсенева Н.А. Традиция сооружения колодцев в аридной части Северной Евразии в эпоху бронзы //Культуры степной евразии и их взаимодействие с древними цивилизациями. Материалы международной научной конференции, посвященной 110-летию со дня рождения выдающегося российского археолога М.П. Грязнова. Российская академия наук, Институт истории материальной культуры. 2012. С.164-168.

ӘОЖ 902/904

МАҢҒЫСТАУ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КӨКТЕМГІ МЕРЕКЕЛЕРІ: АМАЛ (КӨРІСУ) ДӘСТҮРІ

Түгелбай Нұрбек Әбдіғалиұлы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Археология және этнология»

мамандығының 4 курс студенті

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к. Ә.Т. Жанисов

Этнография ғылыми білім саласы ретінде түрлі халықтың материалдық мәдениетін, туыстық жүйелерін, тіршілігін, тәрбиесін, әлеуметтік және саяси құрылымын, олардың

этногенезін, этникалығын және мәдениетаралық байланыстарын, этностардың қоныстануын, ондағы демографиялық процестерді, қандай да бір халықтың мәдени ерекшеліктерін салыстыруға бағытталған. Этнография адамдардың ортақ қоғамдастықта белгілі бір ережелер мен салт-дәстүрлер жиынтығының пайда болуы, этнологиялық феномендердің пайда болуы мен олардың халыққа қызмет етуінің мәнін, мазмұнын және ерекшелігін түсіндіруде зор рөл атқарады. Қазақстандық этнография (шетел этнологиясы сияқты) әртүрлі этностар өкілдерінің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен нанымдарын, өмір салты мен тұрмысын, олардың басқа адамдармен мәдени байланыстарының ерекшеліктерін талдауға және түсіндіруге бағытталған ғылым ретінде пайда болды. Әр ұлттың мәдениеті мен әдет-ғұрпын көп зерттеу керек болады, себебі оның мәдени ерекшелігі, белгілі бір халықтың өмірі мен дамуы барысында қалыптасатын әлеуметтік және тарихи құндылықтарды да зерттеу тәжірибесі қылаң берді.

«Француз ойшылы Рене Генон дәстүрді басында тек ауыздан ауызға тарайды деп түсінік берген. Ал кейіннен ол дәстүрді ауызша да жазбашада болатынын баяндаған» [1. 320 б].

Дәстүр бұл ұрпақтан ұрпаққа жеткен, сол қоғамда біраз уақыт сақталған, белгілі бір қайталанатын құбылысты біз дәстүр деп атаймыз. Бұларға қандай жағдайларды жатқызуға болады? Мәселен, белгілі бір наным-сенімдер, мінез-құлықтарға қатысты, ырым-тыйымдар, салт-жоралғыларды жатқыза аламыз. Осылайша дәстүр ұғымынан бөлек шығарылған немесе діни мереке, халықтың нақты бір мерекені ұзақ тойлауы, оның халықтың ұғымында ұзақ сақталуы арқасында сол халықтың дәстүріне айналып кетеді.

Дәстүр бұл тек салт-жоралғылар, «көненің қалдығы» деп түсінетін болсақ қателескеніміз. Олар еш негізсіз, тақыр жерден пайда бола кетпейді. Оған халықтың табиғатпен қарым-қатынасы кезінде жылдар бойғы жинаған тәжірибесі, эмпирикалық зерттеулері негіз болып, түсінікпен, тұжырыммен бекітілген, қажеттіліктен туған дүние екенін түсінуіміз керек. Яғни, әр дәстүрдің астарында үлкен мән жатады. Қазіргі таңда дәстүрді отандық ғалымдар бірнеше салаға жіктеп отыр. Атап өткенде:

- 1) ұлттық,
- 2) мәдени
- 3) әлеуметтік
- 4) діни.

Ежелгі заманда бұл сөз қарапайым қолданыста да қолданылған. Бертін келе бұл сөздің негізгі мағынасы ауысып, қазіргі қолданыстағы дәстүр сөзінің мағынасы жинақтала бастады. Дәстүр сөзі жеке адамға тиесілі сөз емес, ол көп жылдан бері келе жатқан, наным-сенімнен шыққан, қажеттіліктен туындаған сөз.

Дәстүр - көненің көзі, өткеннің жүріп өткен ізі, болашаққа қалдырған мол мұрасы. Ол арқылы өткенді танып, тарихқа сүйіспеншілік артып, кеудені сағыныш кернейді. Тарихтың қазіргі кезге жетуі де осы дәстүрдің арқасында деп айтуға болады. Осылайша дәстүрдің адам өмірінде, ұлт тарихындағы маңызы қаншалықты екенін көре аламыз.

Жалпы тарихта осы дәстүр сөзін зерттеген ғалымдың арасында аса танымал поляк философы Э.Шацкий дәстүрге мынадай анықтама береді. «Дәстүр - қоғамдық санада топтың шынайы болуына сондай ақ жалған екенін анықтап көрсететін ерекше сезім» деп түсіндірген [4. 359 б].

Міне осылайша дәстүрге кез келген өткеннің белгісін жатқызып қойылмайды. Тек қана дәстүрге өзекті, шынайы, маңызды бөлігін ғана жатқызады.

«Мәдени дәстүр бұл ұзақ уақыт бойы қалыптасқан, қоғам мен әлеуметтік топта ұзақ жыл бойы орныққан және де ұрпақтан ұрпаққа жеткен халықтың мұрасы» [13]. Мәдени дәстүр бұл халықты адалдыққа, отан сүйгіштікке, тәрбиелікке тәрбиелейді. Мемлекет алға басқан сайын мәдени дәстүр де сонымен алға жылжып отырады.

Мұсылмандар хижра есебімен жүретіні белгілі. Хижра есебі бұл б.з 622 жылы адамзаттың асылы Мұхаммед с.а.у Меккеден Мединаға қоныс аударған жылын айтамыз. «Бұл күнтізбе мұсылман күнтізбесі болып табылады. Хижра есебі бойынша жыл басы

наурыз айының жиырма екінші жұлдызынан басталады». Яғни күн мен түннің теңелуінен бастау алады. Не үшін Қазақстанның батыс аймағы, әсіресе Маңғыстау өңірі жыл басын наурыздың он төрті тойлайды, неге жиырма екісі емес? Бұл өңірдің халқы наурыз тойын өзгелерден алдын ала тойлайды деген сұрақ ғалымдарды мазалауы түсінікті жағдай. Бұл сұраққа ақсақалдарымыздың жауабын келтіру дұрысырақ болады деп ойлаймын. Нақтырақ атап өткенде, наурыздың он төртінші жұлдызында жаңа ай туады, міне осы жауап жоғарыдағы сұраққа нақты әрі көңілге қонымды жауап деп ойлаймын. Неліктен бірақ Маңғыстау халқы жылдың басын айдың тууынан бастаған, күн мен түннің теңелуінен емес. Мұның жауабы мүмкін хижра күнтізбесінің шығу кезеңінен де әрі жатқан болар [4.50].

А.Астафьевтің «Маңғыстаулықтардың наурызды қарсы алу ерекшелігі» еңбегінде Маңғыстау ауылдарының зерттеу нәтижесінде атап өткенде Тұщықұдық ауылының жанынан археологтар қазба нәтижесінде тастан жасалған бұйымдардың табылғанын айтады. Сол тастың бетінде жазылған тіліктер ғалымдардың назарын аудартты. Нақтырақ айтқанда сол тіліктерді ретімен санау арқылы яғни математикалық есептеу арқылы тамаша жаңалықтың ашылуына себеп болды. «Таста аспандағы жылдардың календарлық сызбасы сызылған. Табылған тас б.з.б 5 мың жылға тиесілі, және бұл календарлық жүйе дәлме-дәл келгені таң қалдырады. Атап өткенде жиырма тоғыз күннен он екі ай есептеген және бұл алты күнге кем екендігін білген. Сол себепті он бір айды жиырма тоғыз, ал он екінші айды отыз алты реттік тілікпен белгілеген. Соған қарағанда Маңғыстау жұрты аспан күнтізбесімен үш жүз елу бес күннен тұрған» [5. 348].

«Халық Наурыз басталысымен «Наурыз көже» дайындауға әзірленеді. Жергілікті тұрғындар наурызға арнайылап алып қойған қысқы соғымды осы кезде шығарады». Ондағы мақсат қыстан аман-есен шыққанының құрметі болғандығының белгісі. Жергілікті тұрғындар Наурыз мейрамы қарсаңында сақтап жүрген әсем көйлектерін шығарып киіп, әсемденіп жүруді үлгі тұтқан. Осылайша халқымыздың адал, ақ ниетін көрсетіп наурызды асыға күткен. Наурыз жақсылықтың бастауы, Наурыз айлардың төресі ретінде қараған. Осы күні жастар үлкендердің сәлемін алып, оң батасын еститін болған, жәнеде осы дәстүрді міндет деп санаған. Бұл күні өмірден озған жандарға арнайылап құран бағышталып, дұға тілеуді парыз санаған [6. 31-35].

Наурыз айында тосын жайттар көп болады. Солардың біреуі наурыз айында бір апта күн ерекше суытып, мінезін көрсетеді. Жылынып тұрған ауа – райы әп сәтте борап, бұршақ пен қар жаууы да ықтимал. Нақтырақ айтқанда наурыз айының оны мен он жетісі аралығында. Есепшілердің түсінігі бойынша бұл «отамалы» дейді. Бұл кезде күн райы өзіндік бір қатал мінезін көрсетіп, айнала боран болады. Бұл отамалының бұлай шамдануының себебін есепшілер былай деп түсіндіреді. «Қара жерге келсем, қар әкелемін, қарға келсем қар әкетемін» деген уәдесі бар.

«Наурыз бұл парсылардың сөзі. Қазақтар парсылармен салыстырғанда отырықшы халық болып табылады. Парсылар жаңа жылды өздері таңдап алғандай әсер қалдырады. Себебі жаңа жылды күн мен түннің теңелуі күні деп қарастырады. Қала халқы бұл күнді өзіндік ерекшеліктерімен, атап өтеді. Халық бұл күні дидарласып, көрісумен емес керісінше қаладағы аш жетім жесірлерге тамақ беріп, сый құрмет көрсетеді. Бұдан да үлкен мән мағына жатыр. Әрине дегенмен қазақ халқы секілді бауырмашылдық, бірі бірін іздеп келіп, амандық саулық сұрасып, дұғай тілектерін, сағынышқа толы өшпес өнегесі бар» [7. 18].

Негізінен қазіргі таңда Амал, Көрісу десе бірден Маңғыстау өңірі ойымызға келеді, ол айдан анық. Оның себебі де жоқ емес. Қазіргі таңда бұл мерекені сақтап қалған бірден бір өңір – Маңғыстау облысы. Маңғыстау өңірінде бұл мейрам қай кезеңнен жалғасып келеді? Бұрынғы ата-бабаларымыз осы наурыз мейрамын атап өткенде жиырма екінші наурызды «Қызыбастың наурызы» деп атайды. Бұған себеп «Қызылбас дегеніміз Иран, Парсы мемлекетінің ежелгі атауы» «наурыз сөзі» парсы иран тілінен аударғанда «жаңа күн» дегенді білдіреді. Жергілікті жұрт наурыз демей Амал мерекесі деп аталған. Қазіргі таңда Амал мерекесін еліміздің Батыс аймағында соның ішінде Маңғыстау да тойлайды.

Бұл тойлану әдебі, тойлану мақсаты қыстан аман-есен шыққанын тойлап, елмен бірге қуану, жәнеде бір-бірінің қолын алып, ер азаматтар төс қағыстырып, өткен жылдан қалған өкпе-реніштерін ұмытып, жаңа жылға өкпе-ренішсіз жаңа қадам басатын болған.

Жоғарыдағы жайлардың бәрін қорыта келгенде Маңғыстау қазақтарының көктемгі мерекелерінің басы Наурыздың келуімен басталады. Амал мерекесінің халықты біріктіруіне, қоғамдағы бірлік пен ұйымшылдықты арттыруға тікелей себеп болатын бұл мерекенің орны тұтас қазақ халқы үшін де ерекше. Әр қоғамда тыныштық пен татулықты жазылмаған дала заңы арқылы, дәстүр арқылы реттеудің тамаша үлгісі ретінде Амалдың қазіргі қазақстандықтар үшін идеологиялық мәні жоғары. Сондықтан мемлекет билігі бұл мерекенің мәнін толыққанды ашу мақсатында соңғы жылдары бірқатар жұмыстар атқаруда. Бұл наурыздың ұлттық деңгейдегі құндылығын көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Генон Р. Очерки о традиции и метафизике. М.: – Абзука, 2000.- 6320
2. Щацкий Е. Традиция. Обзор проблематика // Щацкий Е. Утопия и традиция. М.: Прогресс, 1990. 3596
3. Большой толковый словарь по культурологии. Кононенко Б.И 2003
4. О.Көшбайұлы, «Мекке сапары». А.2016. «Орзон» баспасы.
5. З. Самашев, Қ. Көшербаев, Е.Аманшаев, А.Астафьев. «Үстірт пен Маңғыстау қазыналары.
6. С. Қондыбай. «Есен-қазақ» А. «Үш қиян».2002.
7. «Қарапайым қарғидалар» Сабыр Адай.

УДК 902/904

ЖЕРТВЕННИКИ ЭПОХИ РАННИХ КОЧЕВНИКОВ

Хайржанова Жанеля Галимовна

khairzhanova.zh01@mail.ru

студент 2 курса исторического факультета, кафедры археологии
и этнологии ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Научный руководитель – Кошман Т.В.

Достаточно долгое время каменные жертвенники относились к категории предметов, вызывающих споры и разные точки зрения по их предназначению. Высказывалось много гипотез и версий касательно их функционального значения. Археологические исследования свидетельствуют об их широком использовании на протяжении длительного времени.

В данной статье предпринята попытка рассмотреть имеющиеся сведения по их классификации, функциональном использовании и имеющихся интерпретаций изображений на жертвенниках.

Каменные жертвенники-алтарики являются одним из компонентов погребального комплекса ранних кочевников Евразии. Мнение, о том, что данный компонент относится к ритуальным, высказывалось еще в конце 19 - начале 20 века Алабиным В.П. и Поповым А.В. Именно с этого периода им и присваивается название алтариков-жертвенников. На территории Казахстана, Южного Урала, Приаралья, Средней Азии, Западной Сибири представлены в виде небольшого наземного переносного столика. Материалом для изготовления служил гранит, песчаник. Приблизительная общая датировка - с VIII по II в. до н.э. Размеры жертвенников варьируются от 11,8 до 18,2 см.

За многолетнюю историю изучения каменных жертвенников сложились две основные версии их классификации. Первая систематизирует их по морфологическому признаку, вторая – по характеру изображений на них. Впервые, данная проблема была глубоко изучена известным ученым-сарматологом Смирновым К. Ф. в 1964 году, где по морфологическим особенностям, группа определялась наличием или отсутствием опоры (ножек). Внутри каждая группа делилась на типы, разделяющиеся по оформлению верхней части и ножек. Он